«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев

Елордамыз Астана қаласының туған күніне орай мерекелік концерт

Астана күніне арналған мерекелік концерттің сценарийі

Өтетін орны: **«Амфитеатр» сахнасы, 15 шағынаудан**

Пролог

Хабарлаусыз

1. **«Қазақ биі» - орындайтын - Халықтық ұжым Мұнара би ансамблі**
2. **Ән «Сен үшін Астана» - орындайтын - Радуга балалар шығармашылық студиясы**

Фанфар

(Жүргізушілер сахнаға шығады)

Жүргізуші 1: Қайырлы күн, қадірлі достар, қымбатты қонақтар және шуақты, көрікті Ақтау қаласының тұрғындары! Баршаңызды еліміздің басты мерекелерінің бірі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Біздің сұлу да сәулетті Астанамыз – барша Қазақстандықтардың мақтанышы, Тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің, тұрақтылық пен өркендеудің нышаны!

Жүргізуші 2: Добрый вечер, друзья! Наша столица – это символ успешности и процветания независимого государства! Мы всем сердцем любим столицу и всей душой гордимся своей историей и народом!

В этот праздничный день желаем вам мира, добра, благополучия и новых свершений во благо нащей Родины – Республики Казахстан! С днем рождения, любимая столица!

Жүргізуші 1: Астана – Қазақстанның жас астанасы – бүкіл әлемнің назарын өзіне аударатын алып шаһар. Шексіз далада бой көтерген бұл қала – тұтас бір ұлттың Тәуелсіздігі мен прогресінің, мақтанышының символына айналды. Кезінде көне көшпенділер жүріп өткен жерде бүгін аспанмен таласқан ғимараттар бой көтеріп, кең даңғылдар қаланы өркениет пен дамуға жетелейді.

Жүргізуші 2: Этот год вписан золотыми буквами в историю края. 5 апреля 2025 года город Актау, который называют «жемчужиной» на берегу Каспия, с гордостью принял эстафету культурной столицы Тюркского мира, став символом единства и духовного родства тюркоязычных народов!

3. Ән «Астана» - орындайтын Шолпан Берікпаева, Жасұлан Таласпаев

Жүргізуші1:

Астана – бұл елдің тек географиялық орталығы ғана емес, ол – жүрегі. Бұл жүрек инновациялар мен мәдени әртүрліліктің ырғағында соғады. Мұнда Шығыс дәстүрі мен Батыстың озық технологиялары бір-бірімен үйлесім тауып, ерекше бір атмосфера қалыптасқан. Әрбір қазақстандық бұл қалада өзін үлкен отбасының мүшесіндей сезінеді.

Жүргізуші 2: Мы желаем всем дружбы и взаимопонимания, здоровья и счастья, любить и уважать свою страну! Стремиться и делать все возможное, чтобы Казахстан процветал многие годы.

Жүргізуші 1: Ал енді, құрметті көрермендер, осы мерекелі кешке арналған жарқын әрі ұмытылмас концерттік бағдарламаны назарларыңызға ұсынамыз!

4. Ән «Текилла» - орындайтын Молодость Джаз ансамблі

Жүргізуші 1: Астана! Бұл сөз қандай асқақ естіледі! Бұл – мемлекетіміздің жаңғыруы мен жаңаруының символы. Бұл қала – барша қазақстандықтардың арманы, үміті мен болашағы байланысты мекен.

Жүргізуші 2: 24 года — исторический отрезок времени, он велик для человека, но для истории — это мгновенье. Как прекрасно это мгновенье для нашего независимого Казахстана! Фактически на глазах миллионов строилась прекрасная столица. И сегодня она — наша радость и вместе с тем наша гордость. Пусть главный город страны процветает с каждым годом!

Жүргізуші 1: Есіл өзенінің жағалауымен серуендеп, оның бетінде жарқыраған ақ ғимараттарды көргенде, еріксіз елге деген мақтаныш сезімі оянады. Аспанмен таласқан «Бәйтерек» монументі – болашаққа ұмтылған арманымыздың символы. Ал алып «Хан Шатыр» – сауда орталықтары, парктер мен жағажайды өзіне сыйдырған ерекше дизайндағы құрылыс

Жүргізуші 2:

Но Астана – это не только архитектурные шедевры. Это, прежде всего, люди, которые своим трудом и энтузиазмом строят будущее своей страны. Здесь живут представители разных национальностей и культур, говорящие на разных языках, но объединенные общей целью – сделать Казахстан процветающим и успешным.

Жүргізуші 1: Астана – үнемі дамып, өзгеріп отырғанымен, тамырынан алыстамайтын шаһар. Бұл – әрбір қазақстандықтың жүрегімен үндесіп соққан елдің жүрегі.

5. Ән «Беу Астана» - орындайтын – Қарашаш Избаева, Гүлназым Өмірзақова, Саламат Әуезов,Асқар Әділбек

Жүргізуші 2: Тағы да баршаңызды Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!
Елімізде әрдайым бейбітшілік пен береке болсын! Бақыт жұлдызы жолымызды жарық қылып, қуаныш пен үмітке, табыс пен өркендеуге жетелесін! Мереке құтты болсын!

Жүргізуші 1: Процветания тебе, наша люимая Столица! Мира, счастья и благополучия тебе - наш свободный и Независимый Казахстан!

1. **Қазақ биі - орындайтын Үлгілі ұжым Настроение би ансамблі**

Пролог

Теңізшілер — бұл ерік-жігері мықты, тәртіп пен төзімділікті серік еткен адамдар. Олар ашық теңіздің толқынында күн мен түнмен санаспай қызмет атқарады. Әр сапар — сынақ, әр толқын — кедергі, бірақ олар үшін бұл жай ғана жұмыс емес, бұл — өмір салты. Кеме бортында олар уақытпен де, кеңістікпен де шектелмейді. Олар елі мен халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, аумақтық суларды күзетеді, халықаралық міндеттерді орындайды. Олардың әрбір қадамы — елге деген адалдықтың, антқа беріктіктің белгісі. Теңізшілер — тыныштықтың сақшылары. Олар көкжиекпен бетпе-бет келіп, белгісіздікпен күреседі, бірақ үнемі сенім мен тәртіпке сүйенеді. Бұл – ерлік, бұл – борыш, бұл – теңізшінің жолы.

ІС-ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ

2. **«Ақтау қаласының гарнизондық әскери оркестрі салтанатты кіріспені орындайды.** (3 *шығарма – ~12 мин.)*

(Жүргізушілер сахнаға шығады)

Жүргізуші 1: Құрметті қонақтар, ардагерлер, теңіз саласының өкілдері! Сіздерді Халықаралық теңізші күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүргізуші 2: Добрый вечер, уважаемые друзья! Сегодня мы завершаем празднование Международного дня моряка музыкальной программой, наполненной духом моря, чести и патриотизма.

Құттықтау сөз

Жүргізуші: Құттықтау үшін сөз кезегі Маңғыстау облысының әкімі

Жүргізуші 1: Кез келген жетістік пен өркендеудің артында адал еңбек, маңдай тер және қажыр қайрат тұр.
2013 жылдан бастап 25 маусым — Халықаралық Теңізшілер күні. Бұл мереке азаматтық теңізшілердің құрметіне байланысты белгіленген. Елімізде екі мыңнан астам теңізшілер қызмет ететін елуден астам мекемелер бар.

Жүргізуші 2: Моряки вносят огромный вклад в международную торговлю, экономику и развитие гражданского общества.
На сегодняшний день в мире насчитывается более 1,5 миллиона специалистов, посвятивших свою жизнь морской сфере.

Жүрігізуші: Ендеше бүгінгі кешті Матросстарға арналған бимен ашамыз

3. **Матростар биі - орындайтын Үлгілі ұжым Настроение би ансамблі**

Жүргізуші 1: Бұл жылы еліміздің дамуына үлес қосатын теңіз мамандарының еңбегін бағалау, теңізшілер мамандығын болашақ жастарға насихаттау мақсатында биыл Маңғыстау облысының көлемінде 25 маусым — Теңізшілер күнін бірінші рет атап өту үшін теңіз әкімшілігі 50-ге жуық мекемелердің бірігіп ұйымдасуымен дайындықты бастап кетті.

Жүргізуші 2: Служба на море - профессия для смелых и решительных людей.
Это нелёгкая, но интересная профессия для тех, кто знает цену дружбе, единству и дисциплине.

4. **Топтама «Жібек жолы» - орындайтын Үлгілі ұжым «Колибри» сән театры**

Жүргізуші 1: 2025 жылғы 25 маусым мен 6 шілде аралығында Ақтау қаласында Халықаралық теңізшілер күні мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №285 бұйрығымен белгіленген Теңіз және өзен көлігі қызметкерлері күніне орай салтанатты іс-шара өткізу жоспарланды.

Аталған іс-шара Еңбек мамандықтары жылы аясында ұйымдастырылып, оның мақсаты – жастар арасында теңіз кәсіптерін насихаттау, қазақстандық теңізшілердің халықаралық кеме қатынасына қосқан үлесін тану, патриоттық және кәсіби құндылықтарды нығайту, сондай-ақ теңіз саласының жағымды қоғамдық бейнесін қалыптастыру болып табылды.

Жүргізуші 2: А так же в рамках данной недели были проведены мероприятия в различных форматах: встречи, круглые столы, конкурсы поэзии и изобразительного искусства.
Официальное открытие мероприятия прошло при участии председателя Комитета железнодорожного и водного транспорта Министерства транспорта Республики Казахстан Ж.Ж. Тайжанова, а также представителей морской отрасли судовладельцев, сотрудников портов и моряков.

Кроме того, на мероприятие были приглашены представители дипломатических миссий ряда зарубежных государств, расположенных в городе Актау.

Жүргізуші 1: Аталған апта ішінде жүгіру марафоны,білімділер сайысы және теңізшілер күніне арналған видеоролик түсіру байқауы өткізілді.

Жүргізуші: 25 маусым мен 6 шілде аралығында өткен 10 күндік теңізшілер күніне арналған мерекелік бағдарлама бойынша марапаттау рәсімі үшін теңіз әкімшілігінен

шақырамыз!

Марапаттау рәсімі

Жүргізуші 1: 1994 жылы Қазақстан Халықаралық теңіз ұйымы (IMO) мүшесі болып қабылданды. Бұл қадам теңіз саласын ресми түрде дамытуға жол ашқан маңызды сәт болды Сол жылдың өзінде Қазақстан IMO қабылдаған 16 негізгі конвенцияға қосылып, халықаралық деңгейдегі теңіз қауіпсіздігі мен экологиялық стандарттарын енгізуді бастады

Жүргізуші 2: В Казахстане на восточном побережье Каспийского моря функционируют три основных морских порта, а также несколько внутренних (речных) портов. Например:

- Порт Актау (Мангистауская область) — крупнейший и основной морской порт Казахстана.
- Порт Курык, расположенный к югу от Актау, был введён в эксплуатацию в 2016 году.
- Порт Баутино, находится к северу от Актау, в Тюбкараганском заливе.

5. **Ән « Мир дому твоему » орындайтын - Мәдениет саласының үздігі Гүльнара Макина, Үлгілі ұжым «Настроение» би ансамблі**

6. **Ән «На синем море » - орындайтын Мәдениет саласының үздігі Гүльнара Макина**

7. **Ән « На теплоходе музыка играет » - орындайтын Мәдениет саласының үздігі Гүльнара Макина**

Жүргізуші 1: Құрметті Ақтау қаласының тұрғындары және қонақтары арнайы сіздер үшін сахна төрінде – Қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары ,ұлттық болмыс пен заманауи үнді біріктірген – «Алатау Серілері» этно-тобы! Тағы бір жаңалық Алатау Серілері бүгінгі Теңізшілерге арналған жаңа әнінің тұсау кесері болады.

Жүргізуші 2: Встречайте – этногруппа «Алатау Серілері» с музыкальным блоком, в который вошли песни о Родине, мужестве и море.

«Алатау Серілері» этно - тобы (10 ән × ~4 мин.) = 40 минут

ФИНАЛ

- ***Концерттің аяқталуымен қатар, 15-шағынаудандағы амфитеатр маңындағы жағалауда сапқа тізілген кемелерден әскери оркестрдің финалдық аккордымен бірге салют атылып, мереке шарықтау шегіне жетеді.***

Жүргізуші 1 : Құрметті қала тұрғындары және қонақтары сіздерге арналған теңіз жағасындағы сапқа тізілген кемелер мен от шашуымызды тамашалайық!

Жүргізуші 1 : Теңізшілер – көк теңіздің қаһармандары.
Олар мыңдаған шақырымға созылған сапарларда дауылмен арпалысып, ел мен елді жалғайтын алтын көпірге айналып отыр.

Жүргізуші 2: Это — не просто профессия, это — образ жизни.
Истинное воплощение мужества и стойкости, дисциплины и ответственности.
Именно эти люди, обеспечивающие основную часть мировой торговли, — наша гордость!

Жүргізуші 1 : Баршаңызға алғысымызды білдіреміз! Бүгінгі кеш – теңізшілерге арналған шынайы құрметтің белгісі!

Жүргізуші 1 :: Благодарим всех за участие и внимание! До новых встреч и семи футов под килем